

В ЭТОМ ГОДУ НАБЛЮДАЕТСЯ РОСТ ГРУЗООБОРОТА НА 6-7,5%. ПО ИТОГАМ ГОДА ОН МОЖЕТ ДОСТИЧЬ 260 МИЛЛИАРДОВ ТОННО-КИЛОМЕТРОВ – РЕКОРДНОГО ПОКАЗАТЕЛЯ ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ НАШЕЙ СТРАНЫ. ПРИ ЭТОМ ФАКТИЧЕСКИ ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ КАЗАХСТАНА ПЕРЕВОЗИЛИ ВДВОЕ БОЛЬШЕ. ЭТО ГОВОРIT О ТОМ, ЧТО У НАС ЕЩЕ ЕСТЬ РЕЗЕРВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ УВЕЛИЧЕНИЯ ПЕРЕВОЗОК. А КОГДА ПЕРЕВОЗКИ РАСТУТ, НАША С ВАМИ ЗАДАЧА – ОБЕСПЕЧИВАТЬ ИНФРАСТРУКТУРУ И НЕОБХОДИМЫЕ СКОРОСТИ.

Канат АЛЪМАГАМБЕТОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»



№95 (2912)
14/11/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҚАУІПСІЗДІК ФОРУМЫ: ЕҢБЕК ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да өндірістік қауіпсіздікке арналған V форум «Тәртіп. Қорғану. Қауіпсіздік» ұранымен өтті. Жыл сайын өтетін дәстүрлі форум еңбек қорғау және қауіпсіздік саласындағы ірі сараптамалық алаңға айналып үлгерді. Қауіпсіздік саласына қатысты мәселелер, жарақаттанушылық деңгейін төмендетуге қатысты қабылданып жатқан шаралар талқыланатын форум аясында биыл да сөз алған спикерлер еңбек қауіпсіздігі саласындағы озық тәжірибелермен және жаңа технологияларды қолдана білу тәсілдерімен бөлісті.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Форумға «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Александер Ширхубер, Австрия Федералдық темір жолдарының өкілі Эдит Шиндльбахер, ҚТЖ және оның еншілес компанияларының, жол және магистральдық желі бөлімшелерінің басшылары, HSE саласындағы халықаралық сарапшылар қатысты.

Бірінші болып сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Канат Әлмағамбетов, жарақаттану оқиғаларына жасалған талдаулар, жазатайым оқиғалардың басым көпшілігінде олардың негізгі себептері жұмысшылардың еңбек және технологиялық тәртіпті сақтамауы және соның салдарынан жұмыс технологиясының бұзылуы екенін анықтап бергенін атап өтті. Сондықтан бүгінгі кездесудің мақсаты «Технологияны сақтау – еңбек қауіпсіздігінің негізі» деп белгіленуі кездейсоқ емес.

«Темір жол – үздіксіз өзара байланысты өндірістік кешен. Сондықтан оның кез келген бір буынындағы технологиялық процестің сақталмауы пойыздар қозғалысының бұзылуына, жұмыстың тоқтап қалуына ғана емес, сонымен бірге жеңіл және ауыр салдары бар жазатайым оқиғалардың орын алуына себеп болуы мүмкін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында: «Өндірістегі жарақаттардың жоғары деңгейі өте өткір мәселе болып қала береді. Үкімет



жыл соңына дейін 2030 жылға дейін қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын қабылдауы керек. Ол жұмыс орнындағы кәсіптік тәуекелдердің алдын алуға және жоюға бағытталуы керек» деп атап өткен болатын. Осы ретте қауіпсіз жұмыс тұжырымдамасын әзірлеуге қатысу үшін ҚТЖ жұмыс тобына технологиялық процестерді жақсы білетін және мықты практикалық тәжірибесі бар ең білікті мамандар енгізілді», – дейді Канат Есмұханұлы.

Канат Әлмағамбетов, сонымен қатар Мемлекет басшысы Ұлттық компанияға Достық-Мойынты, Бақты-Аягөз, Дарбаза-Мақтаарал және басқа да бірқатар ірі теміржол жобаларын жүзеге асыруға

зор жауапкершілік жүктегенін айтты. Жаңа және жаңартылған теміржол желілері өткізу қабілетін айтарлықтай арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік бермек. Ал оларға қызмет көрсету үшін әрине технологиядан ауытқу құны жазатайым оқиғаларға әкелетінін түсінетін сауатты, тәжірибелі және тәртіпті кадрларды тарту қажет болатынын, сондықтан бұл жерде оқыту, нұсқама өткізу, еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау, яғни жұмыс технологиясын сақтау мәселелері бірінші орынға қойылатынын жеткізді.

(Жалғасы 2-3 бетте)

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Ремонт ЗАВЕРШИЛИ В СРОК

В 2023 году ТОО «Теміржол жөндеу» отремонтировал свыше 240 тысяч километров железнодорожного полотна. План выполнен на 100%.

Любовь РОВБА,
Астана

Работы проводились силами филиалов ПМС: Астана – 57,855 километра пути, Актобе – 70,260 километра, Бірлік – 46,6905 километра, ПУ Шар – 67,1569 километра.

Наряду с работниками в ремонте были задействованы машины тяжелого типа, такие

как УК, МПД, ХДВ, ЭЛБ, ВПО, ДУОМАТ, USP.

Напомним, в этом году компания приобрела новую машину ЭЛБ-4С, что значительно помогло ускорить процесс работы во время технологических «оконов».

– С помощью этой многофункциональной машины производится дозировка балласта, оправка и уплотнение

откосов, сдвигка и рихтовка пути, рыхление балласта, стабилизация пути, срезка и планировка обочин, – поясняет начальник ЭЛБ-4С Александр Лялин.

На сегодня капремонт-2023 в ТОО «Теміржол жөндеу» официально завершен. Утвержденный руководством план в 241,863 километра успешно выполнен в срок.



ОТВЕТЫ НОВЫМ ВЫЗОВАМ



СОТРУДНИЧЕСТВО

Казахстан призывает усилить интеграцию транспортно-логистических систем на пространстве Организации экономического сотрудничества.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В рамках участия в 16-м саммите ОЭС Премьер-министр РК Алихан Смаилов подчеркнул, что важно развивать транспортную взаимосвязанность региона, поскольку 7 из 10 государств – членов ОЭС не имеют доступа к Мировому океану.

– Сегодня Казахстан активно участвует в инфраструктурных и логистических проектах, уделяя приоритетное внимание развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута. В целях наращивания его потенциала Казахстан, Азербайджан, Грузия и Турция реализуют дорожные карты по синхронному устранению «узких» мест и развитию Среднего коридора до 2027 года. Они позволят существенно увеличить пропускную способность маршрута, – подчеркнул глава Правительства.



По его словам, для связи Узбекистана с западными регионами Казахстана будет построена автодорога Бейнеу – Шалкар, которая послужит завершению формирования 8-го автомобильного коридора ТРАСЕКА.

– Мы также активно расширяем потенциал наших морских портов на Каспии. Будут построены контейнерный хаб в порту Актау и многофункциональный терминал «Саржа» в порту Курык. Планируется строительство

отдельных станционных путей на пунктах пропуска с Китаем для стран Центральной Азии. Мы намерены систематически увеличивать грузопоток по этому направлению и к 2030 году довести его до 500 тысяч контейнеров в год, – озвучил Алихан Смаилов.

Кроме того, Казахстан принимает меры по раскрытию потенциала транспортного коридора Север – Юг. Для развития данного маршрута разработана дорожная карта совместно с Ираном, Туркме-

нистаном и Россией, реализация которой позволит увеличить мощности коридора с 10 до 15 миллионов тонн до 2027 года.

Особую важность также представляет железная дорога Казахстан – Туркменистан – Иран как кратчайший маршрут между государствами ОЭС в Центральной Азии и на Ближнем Востоке. За 9 месяцев текущего года грузопоток по этому маршруту в направлении Ирана увеличился на 9% и превысил 1,5 миллиона тонн.

– В целом видится целесообразным усилить совместную работу как по снятию административных барьеров, так и по углублению интеграции транспортно-логистических систем, – подчеркнул Алихан Смаилов.

В качестве еще одного важного приоритета сотрудничества Премьер-министр обозначил индустриальную кооперацию. По его словам, сегодня в Казахстане работают более 13 тысяч совместных предприятий с капиталом из стран ОЭС. В настоящее время со странами организации на стадии реализации 26 проектов на сумму порядка 2,7 миллиарда долларов в таких отраслях, как машиностроение, металлургия, легкая и химическая промышленность, стройиндустрия и недропользование.

ҚЫТАЙҒА ЖҮК ТАСЫМАЛЫ АРТТЫ

Биыл жыл басынан бергі 10 ай ішінде Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалы көлемі былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 22 пайызға артқан. Яғни осы жылы қантар-қазан айлары аралығында көрші мемлекетпен арада 23,6 млн тонна жүк тасымалданыпты.



Соның ішінде мәселен Қытайдан жүк қабылдау 8%, яғни 9,1 млн тоннаға дейін, жүктерді ҚХР-ға жөнелту 32%, 14,5 млн тоннаға дейін ұлғайды. Алтынкөл станциясы бойынша жүктерді тапсыру 53%, яғни 4,8 млн тоннаға дейін, қабылдау 14%, яғни 5,4 млн тоннаға дейін өсті. ҚР мен ҚХР арасында жүктерді тасымалдауға Темір жол ынтымақтастығы ұйымының (ТЖЫҰ) 2023 жылға арналған жоспары 26,1 млн тонна көлемінде келісілді.

Қазақстандық өнімді экспорттық тасымалдауды дамыту үшін Достық – Мойынты учаскесінің екінші жолдарының құрылысы жүргізілуде, содан кейін оның өткізу қабілеті 5 есеге артады. Сондай-ақ Бақты үшінші өткізу пунктінің ашылуымен Бақты-Аягөз теміржол желісін салу жобасы іске асырылуда, ол Қазақстан мен Қытай арасындағы өткізу қабілетін жылына тағы 20 млн тоннаға арттырады.

Ұлан ОРАЗ



Рустам ТӨКЕНОВ,

Магистральдық желі дирекциясы –
Материалдық база
департаментінің менеджері:

ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ АРНАЙЫ КИІМІ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ӨНДІРІСТІК ЛАСТАНУ МЕН МЕХАНИКАЛЫҚ ӘСЕРЛЕРДЕН, СОНДАЙ-АҚ АДАМ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУІПТІ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАРДАН, ЭЛЕКТРОСТАТИКАЛЫҚ ЗАРЯДТАР, ТАҒЫСЫН ТАҒЫ ЗИЯНДЫ ДУНИЕЛЕРДЕН ҚОРҒАУҒЫ КЕРЕК. БҰҒАН ҚОСА, ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТАНЫМАЛДЫЛЫҒЫН АРТТЫРАТЫН БРЕНДТІ ІЛГЕРІЛЕТУ МЕН КОРПОРАТИВТІК СТИЛЬДІҢ САҚТАЛУЫ ДА АСА МАҢЫЗДЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ
ТОҒЫЗ АЙДА ҚАЗАҚСТАН
МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ
ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН ЖҮК
ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ

68,7 млн
тоннаны
құраған.

Биылғы жылы

1 300


ШАҚЫРЫМ ТЕМІРЖОЛ
ТӨСЕМІ ӘРТҮРЛІ ЖӨНДЕУ
ТҮРІНЕН ӨТКЕН.

ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ
ТЕЛІМІНДЕ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП
ЖАТҚАН ЕКІНШІ ЖОЛДЫҢ

135

ШАҚЫРЫМЫНА РЕЛЬС-ШПАЛ
ТОРКӨЗІ ТӨСЕЛДІ.

1 МЛН ТОННА РЕЛЬС ӨНДІРІЛДІ



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе




КӨРСЕТКІШ

«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты пайдалануға берілген 2016 жылдан бастап 1 млн тонна рельс өндірді» деп хабарлайды кәсіпорын басшылығы. Бұл шамамен 8 000 км темір жолды құрайды.

Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінің аумағында жоғары сапалы және орташа фасонды прокат рельстерін шығаратын бірегей және жалғыз кәсіпорын, сонымен қатар беріктігі жоғары және ұзындығы 120 метрге дейінгі жаңа буын рельстерін шығаратын жалғыз зауыт ретінде танымал.

«АРБЗ» ЖШС – отандық теміржол саласын дамыту процесінің белсенді қатысушысы. Зауыт өнімдері елімізде кеңінен қолданылады. ҚТЖ – ең басты тапсырыс беруші және сенімді серіктесіміз. 120 метрлік рельстер «Достық – Мойынты учаскесінде екінші темір жол салу» ірі инфрақұрылымдық жобасына пайдаланылады», – дейді компания өкілі.

ТОРАПТЫҚ ЖИЫН ӨТТІ



Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Шиелі



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Қызылорданың Шиелі станциясында өткен тораптық жиында қауіпсіздік тақырыбы сөз болды. Өткен жылы орын алған кемшіліктер сараланып, оның қайталанбау жолдары қарастырылды, ұсыныстар тыңдалды.

Қызылорда ЖТ бөлімі бастығының орынбасары Бекжан Өтеулиев өткен жылғы көрсеткіштермен биылғы атқарылған жұмыстарға сараптама жасады. Орын алатын кемшіліктер теміржолшылардың кәсіби міндетіне немқұрайлық танытуы салдарынан, тапсырманы орындаудағы салғырттық, машинистердің станция кезекшілерімен сөйлесу регламентін сақтамауы, тапсырмалардың орындалуындағы ағаттық секілді себептерден туындайтыны айтылды. Сондай-ақ өз жұмысымды жақсы білемін деп өзіне сенімділік танытатын тәжірибелі теміржолшылар да қырағылықты ұмытып, қауіпсіздіктің бұзылуына себепкер болып жататыны да сөз болды.



– Бөріміздің мақсатымыз пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі, адам өмірінің амандығы, яғни теміржолшының еңбегінің қорғалуын қадағалау болып саналады. Бүгінгі жиынға мекеме басшылары, кәсіподақ ұйымы төрағалары, ревизорлар аппаратының өкілдері арнайы шақырылып, қатыстырылып отыр. Егер жұмыс барысында жасап жатқан әрекетіңе сенімді болмасаң, ісіңнің қауіпсіздікті сақтау талаптарына кереғар екенін аңғарсаң, не екі ойлы болсаң, дереу ол әрекеттен бас тартып, басшыға хабар беру керек, тіпті тәулік бойы менің өзіме тікелей шығып хабардар етіңіздер. Жұмысқа қатысты сауалдар болса, мүмкіндігімізге орай осы жерде мәселенің оң шешілуіне жол іздейміз. Ал мәселе біздің жауапкершілігімізге жатпайтын болса, тиісті инстанцияларға хабарлайтын боламыз, – деді филиал бастығының орынбасары Бекжан Өтеулиев.

Басқосуда қауіпсіздік мәселелерімен қатар бекеттердің санатына қарай еңбекақының тиісті үстемелерімен төленуі де сөз болды. Жиын соңында қауіпсіздіктің сақталуына сүбелі үлес қосып жүрген, күзгі комиссиялық тексеру кезінде көзге түскен теміржолшылар мен мекеме басшылары бөлімше басшылығы мен кәсіподақ ұйымы атынан марапатқа ие болды.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК ФОРУМЫ: ЕҢБЕК ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ



(Соңы. Басы 1 бетте)

– Еңбекті қорғау Компания қызметінің маңызды құрамдас бөлігі, өйткені теміржолшылардың 90%-ы жарақаттану қаупі жоғары аймақта жұмыс істейді. Осыған қарамастан нөлдік жарақатқа қол жеткізуге мүмкіндік бар және ол басқарылатын процесс. Оның жарқын мысалы ретінде, ҚТЖ желісіндегі кәсіпорындардың 73%-ның 5 және одан да көп жыл жарақатсыз жұмыс істеп келе жатқанын айтар едік. 276 кәсіпорын 20 жылдан астам, 3 кәсіпорын 30 жылдан астам уақыт бірде-бір рет жарақаттану оқиғасына жол бермеген. Бұл арада табыстың сыры – әрбір жұмысшы, кіші буын жетекшілерден бастап кәсіпорынның бірінші басшыларына дейін технологиялық процесте көрсетілген талаптарды қатаң сақтауында және орындауында болып тұр», – деп түйіндеді сөзін Қанат Әлмағамбетов.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері – Техникалық саясат департаментінің бас инженері Батыр Котырев тиімді ішкі бақылау қауіпті әрекеттерді анықтауға және олардың жолын кесуге, сондай-ақ қауіпті жұмыстарды тоқтатуға мүмкіндік беретінін, алайда егер қызметкер өз өмірі мен денсаулығына байыппен қарамаса, ешбір ережелер жұмысты қауіпсіз ете алмайтынын атап өтті. Сонымен қатар ол 2024 жылға арналған міндеттер мен жоспарларға да тоқталып өтті. Олардың қатарында әлеуетті қауіп-қатерлер туралы жұмысшылардың көп бөлігіне хабардар ету және алдын алу жұмыстарына персоналдардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету; кәсіби ауру-сырқаудың алдын алу, ол үшін еңбек жағдайы бойынша өндірістік нысандарға уақытылы және сапалы аттестация жүргізе отырып, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін кемшіліктер анықталған жағдайда оларды жою; медициналық байқаулар мен оларды есепке алуды автоматтандыру; сала қызметкерлерінің білім-біліктілігін арттыру іс-шараларын жалғастыру; сондай-ақ еңбек қауіпсіздігін сақтауға ықпал ететін техникалар мен технологияларды енгізу жұмыстарын одан ары жалғастыру, т.т. шаралар бар екен.

Персоналдардың қауіпсіздігін арттыруға арналған цифрландырылған техникалық шешімдерді тираждау мәселесіне «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Владимир Петров тоқталды. Бү-



гінде Қоғамда 40 мыңнан астам станция қызметкері тіркелсе, соның 63%-ы қауіптілігі жоғары аймақта еңбек етеді. Статистикалық деректер Жүк тасымалында еңбек ететін машинистер және көмекшілері, пойыз құрастырушылар, вагондар қозғалысының жылдамдығын реттеушілер, пойыздарды қабылдап алушылар, т.б. мамандық иелеріне қатысты жазатайым жайттар жоқ емес және олардың арасында адам өліміне әкелген қайғылы оқиғалар да бар екенін көрсетеді. Осындай жағдайларды жою және болдырмау үшін Серіктестік жұмыс орындарында жұмысшылардың қауіпсіздігін жақсартуға арналған жүйелерді енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. Олардың ішінде персонал қауіпсіздігін арттыруға бағытталған цифрлық техникалық шешімдердің ішінде ең өзектілері ретінде локомотивтерге бейнетіркегіштер орнату; вагондар алға жылжыған кезде қашықтан бейнебақылау жүйесін және медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесін енгізу, т.б. бар екен.

Владимир Петров локомотивтерді бейнетіркегіштермен жарақтандырудың пайдасына тоқталды. Біріншіден, машинистердің темір жолға оң және сол қапталдан шолу жасауын жақсартды, екіншіден, маневр қозғалысы барысында пойыз құрастырушының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, үшіншіден, «бір тұлға» қағидасымен жұмыс істеу кезінде локомотивті басқаруды жеңілдетеді, сонымен қатар онлайн режимінде пойыздың жағдайы мен локомотив бригадасының іс-қимылын бақылауға, сондай-ақ вандализм мен тонау әрекеттерінің алдын алуға, т.т. тиімділіктер бар көрінеді.

Қазіргі таңда Серіктестіктің инвентарлық паркінде 278 бірлік локомотивке орнатылған 300-ден астам бейнебақылау камералары бар. Оның 57%-ы

жолаушылар, 22%-ы маневрлік тепловоздарға, 21%-ы жүк локомотивтеріне орнатылған. Алдағы уақытта 400-ден астам локомотивке видеорегистратор сатып алу жоспарланып отыр екен. Сол кезде локомотивтерге орнатылған видеотіркегіштер саны 2 мыңнан асып жығылмақ.

Пойыз құрастырудың қауіпсіздігін арттыру үшін «Қауіпсіз көзқарас» жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр екен, ол машинист жүргізетін операциялар кезінде құрастырушының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ал вагондар алға жылжыған кезде қашықтан бейнебақылау жүйесі екі маңызды компоненттен тұрады: мобильді бейнебақылау блогы және локомотив жадындағы Жылжымалы қондырғы пойыздың артқы вагонында орнатылып, кескін жүргізуші кабинасындағы мониторда қашықтық торымен қабаттастырылған түрде көрсетіледі.

Қауіпті аймақта жұмыс істейтін теміржолшылардың жұмысқа түсер алдында денсаулығын тексеру – ең маңызды мәселенің бірі. Осы ретте медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесін енгізу қазіргі заман талабы болып отыр. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС енгізіп отырған Бағдарламалық-аппараттық кешен ауысым алдындағы, сапар алдындағы және ауысымнан кейінгі, сапардан кейінгі медициналық тексерулерді ұйымдастыруға және өткізуге арналған. Жоба озық тәжірибе мәселелері бойынша тараптардың күш-жігерін біріктіруге және профилактикалық шараларды жүзеге асыруға бағытталған. Бұл өндірістік жарақаттарды айтарлықтай азайтуға және жазатайым оқиғалардың санын төмендетуге мүмкіндік бермек. Бүгінде ел өңірлеріндегі 25 локомотив пайдалану депосы медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесімен жарақтандырылған.

Серіктестік басшысы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-да іске асырылып жатқан осындай ізгі шаралар еңбек қауіпсіздігін сақтауға көмектесетініне сенім білдірді.

Форумда сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Магистральдық желі дирекциясының директоры Сәкен Рахметов шпал мен рельстерді тиіп түсіру барысында технологияның сақталуына тоқталды.

«Шпалдарды/рельстерді тиеу-түсірумен байланысты жұмыстар кезіндегі өндірістік жарақаттарды жою үшін еңбек ұжымдарында және құрылымдық бөлімшелерде күн сайын «Қауіпсіздік минуты» және қауіпті жұмысты тоқтату құқығын пайдалану бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл шаралар жұмыс орнындағы қауіп-қатерлерді анықтау кезінде қызметкердің санасы мен мінез-құлқын өзгертуге бағытталған. Сондай-ақ дирекция ескірген құрал-жабдықтар мен механизмдерді заманауи құрылғыларға ауыстыруда. Мәселен, 2023-2027 жылдар аралығында кран қондырғысы бар 20 мотовоз, 1589 рельсті көтергіш сатып алу жоспарлануда», – деді Сәкен Рахметов.

Айтудыңша, өндіріс қызметкерлерінің еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау бағытында білім-біліктілігін арттыру жұмыстары да жүргізілуде. Қазіргі таңда 40 сағаттық бағдарлама бойынша 729 жұмысшы, 10 сағаттық бағдарлама бойынша 6177 жұмысшы оқытылған. Сондай-ақ 2024 жылды Магистральдық желі дирекциясы «Еңбек қауіпсіздігі жылы» деп жариялап отыр. Жыл шеңберінде технологиялық процестерді орындау кезінде еңбек жағдайларын жақсарту және қауіпсіз еңбек әдістерін қабылдау шараларын қамтымақ.

Маңызды жиында «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару, әлеуметтік-өңбек қатынастары және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Александр Ширхубер сөз алып, форум жұмысына сәттілік тіледі. Ал Австрия Федералдық темір жолдарының өкілі Эдит Шиндльбахер аталған теміржолда еңбек қауіпсіздігін ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісе, Компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Сәуле Истлеева, жұмысшылардың қауіпті іс-қимыл болдырмайтын психологиялық күйіне жету тақырыбында баяндады.

Форум аясында заманауи жеке қорғаныс құралдарының, медициналық жабдықтардың, VR технологияларының, жұмыс орнындағы қауіпсіздік саласындағы цифрлық шешімдердің көрмесі ұйымдастырылып, үш панельдік сессия өтті. Сонымен қатар қауіпсіздік және еңбекті қорғауда табысқа жеткен қызметкерлер марапатталды.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электрондық сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2023 жылдың 27 қазанда 11:00 сағатта Мемлекеттік мүлік тізіліміндегі www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкті сату бойынша электрондық сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны төмендету аукционна мына Нысандар шығарылады:

№	Аты	Саны	Бастапқы баға	Бастапқы баға	Ең төменгі құны	Кепілдік жарна
1	Тұрақ орны, Астана қ., Шарль де Голль көшесі, 7 үй	1	3 619 616	10 858 848	3 619 616	542 942
2	Тұрақ орны, Астана қ., Ж. Нәжмединов көшесі, 16А үй, м. 90	1	2 292 620	6 877 860	2 292 620	343 893
3	Нысаналы мақсаты бар тұрғын емес үй-жай-көлік жуу, Астана қ., Ж. Нәжмединов көшесі, 16А үй, н. п. 14	1	178 082 240	534 246 720	178 082 240	26 712 336
4	Skoda Super B6, 988BQ01, 2010 ж	1	6 481 861	19 445 583	6 481 861	972 279
5	Lexus LX 570, 103 RR01, 2019 ж	1	67 433 876	202 301 628	62 713 505	10 115 081
6	Полуприцеп «СЗАП 99051/СЗАП 99051», номер 50CZA04, 2008 ж	1	1 412 143	4 236 429	706 072	211 821

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: BIC: 105040004455, BSK: HSBKZKXZ, IBAN /ЖСК: KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электрондық аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-

порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындардың, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлкті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электрондық аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділіктен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ, Астана қ., Дінмұхамед Қонаев, 10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ, Астана қ., А.Жұбанов, 16, 4-қабат) телефондары бойынша алуға болады.

Форум

БЕЗОПАСНОСТЬ – РЕЗУЛЬТАТ СОВМЕСТНОГО ТРУДА

В АО «НК «КТЖ» состоялся V Форум по производственной безопасности. Мероприятие прошло под девизом: «Дисциплина. Защищенность. Безопасность». Так, во время юбилейного форума, ставшего знаковым событием и крупной экспертной площадкой в сфере безопасности и охраны труда, проведена панельная сессия «Что результативнее: наращивать современные технологии или управлять поведением работника?».

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В ней приняли участие руководители КТЖ и дочерних организаций, отделений ГП и магистральной сети. Сессия прошла под руководством Виктора Поднебесного – эксперта HSE/ESG Корпоративного университета «Самрук-Қазына».

– Как мы знаем, современные технологии мощно врываются в нашу жизнь, на сегодня уже невозможно представить человека без современных средств коммуникации, другой уровень скоростей, другой уровень технического обеспечения, – подчеркнул он, заметив, что современные технологии могут помочь справиться с ситуацией по предупреждению травматизма.

На повестке обсуждались вопросы в области безопасности, меры, принимаемые для снижения уровня травматизма. Спикеры поделились опытом применения новых технологий и лучшими практиками в области безопасности труда. Рассказали о своем опыте безаварийной работы,



изменениях и новшествах, работе с персоналом в вопросах производственной безопасности, внедрении современных технологий и анализе системы производственной безопасности.

Виктор Поднебесный отметил, что охрана труда – важная составляющая деятельности компании, так как 90% коллектива железнодорожников работает в высокорисковой травмоопасной зоне. Несмотря на это, достижение нулевого травматизма – реализуемая цель и управляемый процесс. Также отмечено, что только эффективный внутренний

контроль позволит выявить и пресечь опасные действия и остановить опасную работу. Однако никакие регламенты не сделают работу безопасной, если работник не отнесется серьезно к своей жизни и здоровью.

Большой блок сессии заняли вопросы, касающиеся технологической дисциплины, безопасного поведения на производстве, а также меры, принимаемые для снижения уровня травматизма. Также каждый руководитель поделился кейсом своего подразделения.

В свою очередь эксперт

«Самрук-Қазына» в сфере охраны труда поделился опытом, рассказал о концепте пяти нулей: ноль несчастных случаев, заболеваний, загрязнений, притеснения, неосведомленности.

Участники сессии уверены, что на сегодняшний день безопасные условия труда являются частью эффективного управления производством и качеством. Они обсудили актуальные тенденции и новые подходы в части безопасности, технического оснащения, цифровизации и культуры безопасного поведения на производстве.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЭФФЕКТИВНЕЕ ВСЕГО – ИСКЛЮЧИТЬ РИСК

Эффективные решения в области охраны труда, меры контроля и болевые точки производственной безопасности обсудили с сетевыми и региональными руководителями АО «НК «КТЖ».

Любовь РОВБА,
Астана

Тематический диалог состоялся в рамках второго модуля на V Форуме по производственной безопасности в Астане. В нем приняли участие представители отделений грузовых перевозок и магистральной сети, главные менеджеры департамента технической политики компании, а также поставщики новых цифровых решений в области безопасности, СИЗ, здравоохранения и другие.

Курирующий направление производственной безопасности главный менеджер департамента технической политики Сунгат Назыров проинформировал участников, что комплексный план на 2024 год кардинально изменится – при его формировании будет предусмотрен риск-ориентированный подход, и выполнение каждого пункта будет строго контролироваться.

В своем докладе он представил иерархию мер контроля в виде пирамиды – от наиболее предпостительных из них к наименее эффективным.

– Устранение риска – это самый эффективный метод по разработке мероприятий по безопасности, потому что приводит к исчезновению риска как такового, – уверен Сунгат Назыров.

В качестве примера спикер привел автоматизированные системы, которые заменяют труд человека в опасных для здоровья условиях. Если же риск исключить не удастся, то следующей мерой в представ-



ленной иерархии предлагается его замещение. То есть использовать другой метод производства работ, сырья и технологий, которые являются менее опасными.

Предусмотрены и ситуации, когда замещение тоже невозможно. В таком случае на помощь придут средства инженерно-технического контроля: изоляция и полное ограждение либо разделение и частичное ограждение, защитные устройства и приспособления и т.д.

Далее следуют наименее эффективные меры контроля. – Если технических средств недостаточно, необходимо применить административный контроль, основанный на процедурах и контроле поведения, – считает Сунгат Назыров. – Ну и самым последним барьером защиты работников от профессиональных рисков являются средства индивидуальной защиты.

При этом и они могут не защищать должным образом, если неправильно подобраны, мешают

работе либо несовместимы с другими необходимыми СИЗ.

– Если при внутренних проверках мы видим, что работники не желают носить каски, очки или другие СИЗ, наша задача – разобраться в причинах, возможно, это некачественный товар? – обратил внимание сетевых и региональных руководителей он.

Продукцию, ориентированную на автоматизацию вопросов контроля и представленную на выставке в рамках V Форума по производственной безопасности, презентовали представители ТОО «Энергоконтракт», ТОО «VisionLabs» и ТОО «Центр корпоративной медицины».

Так, технический директор ТОО «Энергоконтракт» Артем Челахов рассказал о Smart СИЗ на примере костюма электромонтера ЭП-4 (0) «Энерго-Тесла», оснащенного устройствами контроля сопротивления и контроля безопасности. Эти устройства позволяют не только контролировать сопротив-

ление и соединение элементов, но и фиксируют момент снятия элементов комплекта, например, при незастегнутом воротнике, снятых перчатках УКБ подает звуковой сигнал, кроме того, данные о протекании тока через комплект, результаты замеров сопротивления и соединения элементов можно проверить и с внешнего устройства с помощью блютуз.

Коммерческий директор VisionLabs Илья Романов рассказал об автоматизации промышленных предприятий и современных цифровых решениях контроля наличия у работников СИЗ.

Продукты и алгоритмы компании на основе сверточных нейронных сетей позволяют в режиме реального времени отслеживать ношение средств индивидуальной защиты, также предусмотрена функция распознавания работников по лицу, благодаря чему можно легко выявлять нарушителей.


О проблемах организации медицинской службы и их решении рассказал директор по международному развитию Центра корпоративной медицины Бахтиер Астанакулов. Компания занимается организацией здравпунктов «под ключ», лицензирует их, оснащает необходимым оборудованием и медикаментами, подбирает персонал и обучает его.

Стоит отметить, что этот модуль действительно стал продуктивным диалогом между спикерами и слушателями. Участники активно делились мнениями по вопросам охраны труда и производственной безопасности, обсуждали болевые точки и обменивались рекомендациями по адаптации и применению современных решений в работе «НК «КТЖ».

Фото Сары САХЫНБЕК

ПОМОГАЮТ СОЗДАТЬ ЗАПАС ТЕПЛА

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана



Акмолинские железнодорожники помогают региону готовиться к зиме. Они обеспечили доставку твердого топлива для потребителей области. Еженедельно мониторинговые группы АО «НК «КТЖ» проверяют угольные тупики.



Поставка угля осуществляется согласно заявкам грузополучателей. Ажиотажа и перебоев с подачей подвижного состава не зафиксировано. Так, с января по октябрь этого года для населения Кокшетау доставлено более 400 тысяч тонн угля. Поступило 6 689 вагонов с твердым топливом.

– В целом для населения города Кокшетау самой популярной маркой является уголь Шубаркуль. За 10 месяцев текущего года доставлено 1 100 вагонов, или 75 тысяч тонн угля. Что в сравнении с аналогичным периодом прошлого года на 400 вагонов больше, или на 27 тысяч тонн угля, – отметил заместитель начальника станции Кокшетау-1 по логистике Ержан Кашкинбаев.

Уголь поступает с угольных разрезов Шубарколь, Кызылжар, Дегелен, Екибастуз. В частности, поставлены такие сорта, как Каражыра – 22 585, Майкуба – 48 953, Шубаркуль – 76 930, Сортовой – 272 407.

– Я третий год покупаю уголь в этом тупике – «Регион-строй». Родителям покупаю. И, как вы видите, ажиотажа никакого нет. Уголь есть. Какой хочешь, выбирай, – говорит житель города Кокшетау Дауренбек Оспанов.

Сегодня в регионе 60 точек по реализации угля. Мониторинговые группы еженедельно проверяют угольные пути. Все данные поступают в единую интерактивную базу, в которой собрана и упорядочена информация по технической характеристике подъездных путей, мощностям выгрузки, наличию угля на складах ТЭЦ, по режиму работы и планам погрузки угольных разрезов.

Фото автора

ПОКАЗАТЕЛИ УЛУЧШЕНЫ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



В Костанайском отделении ГП подвели итоги десяти месяцев текущего года по исполнению эксплуатационных показателей.



Как сообщил заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Илья Исмаилов, анализ выполнения показателей работы признан нарастающим. Так, по итогам работы за десять месяцев 2023 года выполнены к плану и улучшены к уровню прошлого года показатели использования вагонного парка и парка локомотивов. В частности, грузооборот выполнен к факту прошлого года на 106,2%, погрузка – на 111,7%. Выгрузка вагонов выполнена к плану на 129,6%. Процент порожнего пробега вагонов выполнен на 100,3%. А динамическая нагрузка – на 100,4%, статическая нагрузка вагонов выполнена к плану на 101,8%.

Фото автора

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТZ Express» (далее – АО «КТZ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТZ Express», которые начнутся 24 ноября 2023 года в 11.00 на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТZ Express», утвержденным решением совета директоров АО «КТZ Express» (протокол от 10 января 2018 года № 1) (далее – Правила) и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением совета директоров АО «Информационно – учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года № 66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставляются следующие Имущества:

№	Наименование имущества	Кол-во	Начальная стоимость	Стартовая стоимость	Минимальная стоимость	Гарантийный взнос
1	Парковочное место, г. Астана, улица Шарль де Голля, дом 7	1	3 619 616	10 858 848	3 619 616	542 942
2	Парковочное место, г.Астана, улица Ж.Нажмединова, дом 16А, м.90	1	2 292 620	6 877 860	2 292 620	343 893
3	Нежилое помещение, с целевым назначением – автомойка, г. Астана, улица Ж.Нажмединова, дом 16А, н.п. 14	1	178 082 240	534 246 720	178 082 240	26 712 336
4	Skoda Super B6, 988BQ01, 2010 год	1	6 481 861	19 445 583	6 481 861	972 279
5	Lexus LX 570, 103 RR01, 2019 год	1	67 433 876	202 301 628	62 713 505	10 115 081
6	Полуприцеп «СЗАП 99051/СЗАП 99051», госномер 50СЗАО4, 2008 года	1	1 412 143	4 236 429	706 072	211 821

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов. Для регистрации в качестве участника торгов

необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на понижение цены. Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно – учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб – порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившем в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли – продажи Имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб – порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки объекта возмещению не подлежат и продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к продавцу по вопросу качества, комплектности объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «КТZ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефону: 8-771-083-87-34 (АО «КТZ Express»), г. Астана, Дінмұхамед Қонаев, 10, 8-7172-55-29-81 (АО «ИУЦ»), г. Астана, ул. А. Жұбанова, д.16, 4-й этаж.

ГЕНДЕРНОМУ РАВЕНСТВУ БЫТЬ!



Как считает руководитель Службы организационного развития АО «НК «КТЖ» Айгуль Жолдыбаева, гендерное равенство – это ценность, которая формирует основу современного общества. Айгуль – одна из слушательниц модульной Программы по повышению доли женщин в руководящих органах компаний с государственным участием «Гендерное равенство».

Для участия в ней были приглашены женщины управленческого уровня портфельных компаний Фонда «Самрук-Казына». От КТЖ участие приняли 12 женщин-руководителей корпоративного центра, филиалов, дочерних организаций.

– Гендерное равенство – это принцип, который не только признает права женщин на равенство в области образования и занятости, но и активно работает на ликвидацию стереотипов и предрассудков, которые могут ограничивать женщин в их карьерных амбициях, – говорит Айгуль Жолдыбаева.

Стаж ее работы на железной дороге составляет 26 лет, за которые она выросла в настоящего профессионала.

– Я пришла в АО «НК «КТЖ» после института, в 21 год. Начинала с должности инженера 2-й категории в 1997 году. За период работы, помимо базовых экономических знаний, я окончила профильный вуз. Также я окончила магистратуру по направлению менеджмент в РАНХиГС (г. Москва), что очень помогает мне в работе при принятии управленческих решений. В КТЖ я вижу много интересных, образованных, талантливых женщин-руководителей, которые могут решать нестандартные задачи, находят баланс между работой и семьей, – рассказывает наша героиня.

В АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» работает около 114 тысяч человек, и 23% из них – женщины.

– Железнодорожницы не только являются частью команды, но и проявляют свой профессионализм и лидерские качества. Из них 24% занимают руководящие позиции, что подтверждает их способность к эффективному руководству. Это показатель того, что компания ведет работу по гендерному равенству и вносит свой вклад в

создание справедливого и равноправного общества, поддерживает равные возможности для наших сотрудников, независимо от их пола. Создает условия, в которых каждый может раскрыть свой потенциал, – делится Айгуль.

По информации Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан, 14,8% суточного времени затрачивается женщиной на неоплачиваемый домашний труд, в то время как мужчина расходует всего лишь 4,9% своего времени.

– Если задаться вопросом, – как же найти баланс между карьерой и бытом, то не стоит противопоставлять эти две сферы жизни, принося одну в жертву другой. Специалисты по личному росту и психологи дают несколько лайфхаков, помогающих современному путем решать вопросы быта: автоматизируйте труд. Оснастите дом электронными помощниками, гаджетами, умными устройствами. Делайте онлайн-покупки. Закупайте продукты на неделю. Изучите основы тайм-менеджмента, – поделилась мыслями Айгуль Жолдыбаева.

Она говорит, что нужно развиваться, прежде всего, как личность, а не просто рабочая единица. Такой подход рано или поздно начинает приносить доход.

– Можно с уверенностью сказать, что женщины справляются с вызовами быта и карьеры, делая это с пониманием, страстью и мастерством. И чем больше возможностей женщинам предоставляется для проявления своего потенциала в обществе, тем ярче светит будущее, где гендерное равенство становится нормой, а женщины – настоящими лидерами и управленцами, способными преодолеть вызовы жизни во всех ее сферах, – заключила она.

Асель ШАЙХЫНОВА, Астана
Фото Александра ЖАБЧУКА

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ



Атырау аграрлы-техникалық колледжінде темір жол мамандарын даярлайтын бөлім бар. Аймақ теміржолына орта буын мамандар даярлайтын оқу орны теміржол бөлімшесімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Теміржол саласына орта буын мамандар дайындау қашан да күрделі мәселе болды. Себебі өндірісте жұмыс істеп, сала жұмысының ең маңызды қызметін атқаратын осы орта буын кәсіби мамандар екені белгілі.

«Жұырда колледждегі Қамқоршылар кеңесінің кезекті отырысы өтіп, оқу барысында маңызды шешімдерді қабылдайтын мәселелер қаралды. Соның бірі – темір жолдың болашақ мамандарын өндірістік тәжірибеден өткізу және оқу бітірген соң салаға тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге ықпал жасау.

Соған сәйкес мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша шефтік қамқорлыққа алу туралы оқу орны мен Атырау магистральдық желі бөлімшесі арасында меморандум жасалды. Оған колледж директоры Ислам Жанұзақов пен



Атырау магистральдық желі бөлімшесі персоналмен жұмыс бөлімінің бастығы Анар

Акция

ТАНЫМДЫҚ САЯХАТ

«Тоқтаңыз, басып кету қаупі бар!» Бұл – теміржол аумағынан өтетін кез келген адамның алдымен ұстануы тиіс қағида. Жұырда Маңғыстау станциясында осы тақырыппен өткен акция бес күнге созылды.



Профилактикалық шара Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызмет ету аймағында 6-11 қараша күндері аралығында жүргізілді. Акция аясында Маңғыстау станциясында орналасқан №1 жалпы білім беретін орта мектептің оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің әкімшілік полиция бөлімі қызметкерлері және ескерілгендірілген теміржол күзеті мен мектептің тәрбие ісі жөніндегі мамандары 4-5 сынып оқушыларына «Теміржол бойында қауіпсіздік ережелерін ескеру» атты арнайы дәріс өтті. Теміржол аумағына экскурсия ұйымдастырып, балаларға ескерту белгілерін, арнайы жүру жолақтарын

таныстырды.

– Акцияның негізгі мақсаты – адамдардың теміржол көлігінен жарақат алу немесе жазатайым жағдайға тап болуының алдын алу. Сондықтан осы аталған науқан барысында бұл бағытта жұмыстарымызды тағы да күшейтіп жатырмыз. Алдағы уақытта осындай мектептерде кездесулер мен теміржол бойына танымдық саяхатты жиі ұйымдастырамыз. Өйткені балалар үшін мың айтқаннан бір рет көзбен көріп, қауіп-қатерді көңілге түйгені маңызды болып тұр, – дейді Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің әкімшілік полиция бөлімі лейтенанты Сәбит Қонар.

Айсұлтан АРМАН,
Суретті түсірген автор

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЕНЫЛІК ӨТКІЗДІ

Достық станциясында теміржолшылар ауыл әкімдігімен бірігіп экологиялық акция өткізді. Олар сенбілікте станция аумағына 60 түп қарағаш көшетін отырғызды.



Станция кәсіподағының төрағасы Данияр Бимашевтің айтуынша, акцияға 100-ге жуық теміржолшылар қатысқан.

– Бұл жердің топырағына кез келген ағаш шыға бермейді. Тек қарағаш тез өсіп кетеді. Сондықтан алдағы уақытта осындай акциялар аясында станция аумағына тағы 500-дей түп қарағаш отырғызу жоспарда бар. Біздің басты мақсатымыз – қоршаған ортаны көгалдан-

дыра отырып, ауа тазалығын, оның сапасын жақсартуға атсалысу. Себебі бұл өзіміз тұратын, өмір сүретін жер, күн сайын жұмысқа келетін орнымыз жасыл желекті, экологиясы таза болғаны дұрыс, – дейді Д. Бимашев.

Ағаштардың одан әрі жерге сіңіп, діңі бекіп кетуі үшін теміржолшылар тарапынан күтім жасалып, оларды бақылап отыратын болды.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

Учения

ОПЕРАТИВНО СПРАВИЛИСЬ

Как ликвидировать аварии на железнодорожном транспорте, связанные с утечкой токсичных, огнеопасных веществ, и тушить возникший из-за этого пожар, отработывали на совместных учениях, которые прошли на станции Оскемен-1.



дела ТЧЭ-22 Дидар Бурбаев.

По словам исполняющего обязанности главного инженера станции Оскемен-1 Серикжана Акмолаева, они играют организационную роль в учениях, поскольку те проходят на территории станции. В одной из цистерн из-за разгерметизации, по легенде, началось испарение аммиака с образованием токсичного облака. Загорелся уголь в рядом стоящем вагоне. Возникла угроза распространения пламени на соседние цистерны, которые находились на железнодорожном пути. Первым аварийю обнаружил составитель поездов на станции Оскемен-1. Он успел передать о ней по связи, но от токсичных испарений

потерял сознание.

На помощь ему прибыли пожарные в костюмах химзащиты и вынесли мужчину из зоны опасности, передав врачам Центра медицины катастроф. Подразделения спасателей в специальных костюмах химической защиты ликвидировали утечку аммиака, устанавливая аварийный бандаж на железнодорожную цистерну. Сотрудники ДЧС ВКО и работники пожарного поезда создали водяную завесу для того, чтобы осадить аммиачное облако. Воду подавали под давлением. Как объяснил руководитель учений, оперативный дежурный ДЧС ВКО Рамил Мусабаев, только так можно предотвратить распространение опасных испарений в воздухе и нейтрализовать токсичность аммиака.

По ходу учений также отработывались дополнительные вводные, которые усложняли боевую задачу подразделениям. Их определял руководитель учений.

В ходе слаженных действий оперативного штаба и личного состава чрезвычайную ситуацию устранили. Всего в отработке действий по ликвидации аварии были задействованы 56 человек личного состава и 11 единиц техники, пожарный поезд.

Ольга УШАКОВА, станция Оскемен-1
Фото автора

В ВАГОНЕ ТРЕЩИНА!

На станцию Илецк прибыл грузовой поезд. В ходе осмотра состава в корпусе вагона-цистерны обнаружена трещина, из которой вытекала жидкость беловато-желтого цвета. Есть пострадавшие.

На станции Илецк прошли учения по отработке навыков действий по ликвидации аварийной ситуации, связанных с течью опасных грузов при перевозке железнодорожным транспортом. Согласно сценарию, при осмотре состава на 3-м пути в корпусе вагона-цистерны выявлена трещина, из которой вытекает жидкость беловато-желтого цвета и выделяется пар. Отработка аварийной ситуации проводилась непосредственно на железнодорожных путях станции Илецк. В учениях задействованы работники структурных подразделений станции Илецк, Илецкого локомотивного депо, ПТО Илецк, Илецкой дистанции сигнализации и связи, Илецкой дистанции пути, Илецкого линейно-эксплуатационного участка электроснабжения и электрификации, пожарного и восстановительного поездов, военизированной железнодорожной охраны совместно с сотрудниками пожарно-спасательного отряда Соль-Илецкого района МЧС РФ, линейного отдела полиции и Соль-Илецкой



межрайонной больницы.

В ходе учений были отработаны действия по своевременному докладу об аварийной ситуации в диспетчерские службы структурных подразделений железнодорожного транспорта и территориальных подразделений, проведение комиссионного осмотра места аварии, принятию мер по ее ликвидации, оказанию первой помощи и госпитализации пострадавших в лечебное учреждение.

Учения проведены в целях закрепления знаний по действиям в чрезвычайных ситуациях, ведения аварийно-спасательных и неотложных работ, основных приемов и способов самоспасения и взаимопомощи. Они прошли успешно, в полном соответствии с планом действий по ликвидации чрезвычайной ситуации.

Марьяна ПЕРВУШНА, Илецк
Фото автора